

# Дәрілік өсімдіктер

Орындаған: Ермакова Н.

Тексерген: Каирова А.

- \* **Дәрілік өсімдіктер** (лат. *Plantae medicinalis*) , шипалы өсімдіктер – медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудын алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты. Қазақстанда өсетін алты мыңнан астам өсімдік түрінің бес жүздей түрі дәрілік өсімдіктерге жатады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні көбінесе жабайы өсімдіктерден алады .
- \* Дәрілік өсімдіктер кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады. Дәрілерді дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын дәрілік өсімдіктер бөлек іріктеледі. Дәріні, көбінесе, жабайы өсімдіктерден алады. Көптеген өсімдіктердің емдік қасиеттері бар. Оларды дәрілік өсімдіктер дейді. Осы заманғы кейбір ең таңдаулы дәрілер жабайы шөптерден жасалған.
- \* Соған қарамастан адамдар пайдаланып жүрген дәрілік шөптердің бәрі бірдей медициналық тұрғыдан өз бағасын алған жоқ, ал ондай шөп қолында барлар кебіне оны қате пайдаланады. Өз өлкеніздегі осындай шөптерді зерттеуге тырысыңыз және қайсысының емдік қасиеті бар екенін анықтаңыз.
- \* Кейбір дәрілік шөптер, егер оларды ұсынылғанынан артық мөлшерде қабылдаған жағдайда, өте улы келеді. Бұл орайда, осы заманғы дәрілер әлдеқайда қауіпсіз, себебі олардың мөлшерін оңай анықтауға болады. □



**Алоэ**, сабыр, **жүзжылдық** (лат. *Aloe*) – **шырыштар** тұқымдасына жататын көп жылдық бұта, кейде шырмауық түріндегі мәңгі жасыл, қуаңшылыққа төзімді өсімдіктер. **Тропиктік**, **субтропиктік** белдеулерде кездеседі. Биіктігі 7-12 м-дей, сабағы жуан, жапырағы шырынды, етті, тікенді болып келеді. Қызыл, қызғылт-сары, сары түсті, гүлі түтікше келген қоңырау тәрізді гүлшоғырына топталған. Сирек гүлдейді, негізінен құстар арқылы тозанданады. Тұқымынан кейде өсімді (**вегетативті**) жолмен де көбейеді. Тұқымы жалпақтау қоңыр түсті. Алоэны көбейту үшін сабағының түбінен шығатын атпа бұтақтарын аналық өсімдіктен бөліп алып, құмды құнарлы топыраққа отырғызу керек. Қазақстанда Ағаш тәрізді Алоэ (*Aloe arborescens*) деген түрі қолдан өсіріледі. Алоэның жапырақ құрамында глюкозид, **эфир майы** т. б. дәрілік заттар бар, сондықтан Алоэның шырынын түрлі ауруларды емдеуге қолданады.



**Жусан** (лат. *Artemisia*) – **астралылар** тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін **өсімдіктер** тегі, көбіне шала бұта. Қазақстанның барлық жерінде – шөл-шөлейтті далада, таулы жерлерде өсетін 81 түрі бар. Жусанның биіктігі 10 – 60 см, кейде 1,5 – 2 м-дей болады. Сабағы тік немесе жерге жайылып өседі. **Жапырағы** кезектесіп орналасқан, қауырсын тәрізді, шеті тілімденген, кейде бүтін жиекті. Ұсақ **гүлі** қос жынысты, сары түсті, себеттері көп, әбден піскен кезде шашыраңқы иіліп келген сыпыртқы гүлшоғырын құрайды. Шілдеден қыркүйекке дейін гүлдейді. **Жемісі** – тұқымша. Жусанның 17 түрі – сирек кездесетін эндемик түрге жатады, ал Қазақстанда ғана өсетін бір түрі – дәрмененің дәрілік шөп ретінде ерекше мәні бар. **Шырғалжын жусанның** жапырағы мен сабағын жеуге болады, құм жусаны құм тоқтату үшін пайдаланылады. Арасында улы түрі (**таврий жусаны**) де кездеседі, оны мал жемейді. Жусан – құнарлы мал азығы, дәрілік, бояуыш, тағамдық, витаминді, **эфир майлы** өсімдік.





**Бәрпі** (Aconitum) – [сарғалдақтар](#) тұқымдасына жататын көп жылдық [өсімдіктер](#). Солтүстік жарты шарда өсетін 300-ге жуық түрі белгілі. [Қазақстанда Қарқаралыда, Алтайда, Тарбағатайда, Жетісу](#) (Жоңғар), [Іле, Күнгей, Теріскей](#) Алатауларында орман алаңдары мен биік [тау](#) шалғындарында, [өзен](#)-сай жағалауларында кездесетін 14 түрі бар. Жиі тараған түрі – ақезу Бәрпісі (A. leucostomum). Оның биіктігі 0,7 – 2 м, жіпшеленген тамыры шоғырланып келеді. Түкті сабағы қырлы, қатпарлы болады. Ірі жапырақтарының ұзындығы 10 – 20 см, ені 20 – 40 см, қауырсын тәрізді тілімденген. Көк, күлгін, кейде сарғылт түсті гүлдері бұталанған [гүлшоғырына](#) топталады. [Маусым – тамыз](#) айларында гүлдеп, [қыркүйек](#) – қазанда жеміс береді. Жемісі түкті, тұқымы 3 қырлы келеді. Бәрпі туысына жататын өсімдіктердің барлық түрі улы болады, мысалы, [Жоңғар](#) Бәрпісінің тамыр түйнегінен қасқыр аулайтын у алынады. Тамырында 0,8 – 1,9% [алкалоид](#) болғандықтан, дәрі алу үшін пайдаланылады.



**Асқабақ** — [асқабақтар тұқымдасына](#) жататын бір және көп жылдық [шөптесін өсімдіктер](#). Асқабақтың отаны Солтүстік және Оңтүстік [Америка](#). Ол жерлерде Асқабақ б.з.б. 3 мың жыл бұрын егіле бастаған. Асқабақтың 20 түрі белгілі. Қазақстанда Асқабақтың кәдімгі Асқабақ (С. реро), [мускатты](#) (С. moschata) және ірі Асқабақ (С. maxima) деген түрлері мен «[Волгалық сұр-92](#)», «[Мозолеувская-10](#)», «[Қашғарлық-1644](#)» сорттары өсіріледі. Кәдімгі Асқабақтың қатарына [кәді](#) мен [патиссон](#) жатады. Асқабақ сабағының ұзындығы 2 – 10 м, жұмыр, түкті, бұтақты, жайыла өседі. Жапырағы – ірі, ұзынша қалемшелі, бүйрек пішіндес. [Гүлі](#) – қос жынысты, ірі, сарғыш түсті. Тарамдалған мұртшалары жанындағы өсімдіктерге оралады. Жемісі – жалған [жидек](#), ірі, пішіні – дөңгелек, сопақша, түсі әр түрлі болады. [Шырыны](#) жұмсақ дәмді. Ірі жемісті Асқабақтың салмағы 40 – 50 кг-ға дейін тартады. Асқабақ жемісінің құрамында 15 – 18% құрғақ заттар, 8 – 10% [сахароза](#), [аскорбин қышқылы](#), [каротин](#), [тиамин](#), [рибофлавин](#), т.б. болады. Дәнінде 20 – 40% май бар. Асқабақтың асханалық сорттарын піскен, қуырылған күйінде тамаққа пайдаланады. Мал азықтық түрінен сүрлем дайындалады.<sup>1</sup>



**Лапыз** — Лапыздар ([лат. Colchicaceae](#)) тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Пиязға ұқсас баданалы эфемерлі (вегетац. мерзімі қысқа болады). Қазақстанда өсетін 2 түрі: [сары лапыз](#) (*C. luteum*) және [Кессельринг лапызы](#) (*C. kesselringii*) бар. Биіктігі 10 — 20 см. Сабағы қысқа, жапырағы қандауыр пішіндес, жұмыр, төселмелі. Тамыз — қыркүйек айларында гүлдеп, жеміс салады. Жемісі — қорапша. Лапыз [улы өсімдік](#). Құрамында [колхицин алкалоиды](#) бар. Медицинада Лапыздан [жүрек әлсіздігінен](#) болатын ентігуді басатын, шемен, көкжөтел, ревматизм, т.б. ауыруларды емдейтін дәрі алынады. Уланған малға танин ерітілген су ішкізеді, терісінің астына апиын не морфин егеді. Лапыздың тұқымы [медицинада](#) дәрі ретінде пайдаланылады. Тұқымнан қан ауруларын, [подагра](#), қатерлі ісікті емдейтін дәрі алынады. Тұқымы өте улы. Лапыз тұқымының құрамынан жасушалардың бөлінуіне әсер ететін зат табылды. Ауыл шаруашылығында мұның маңызы зор. Лапызды кейбір өсімдіктердің ([қияр](#), [қызанақ](#)) түсімін арттыру үшін қолдануға болады.<sup>[1]</sup>



**Итмұрын**- биіктігі 2 метр. Бұталары тікенекті. Итмұрын жер шарының қоңыржай және субтропикалық аймақтарының барлық жерлерінде өседі. 500-ге жуық түрі бар. Табиғатта таулы-тасты жерлерде, беткейлерде, орманда, су жағалауында өседі. Табиғи түрі Қазақстанның барлық тау бөктерлерінде өседі. Итмұрынның екпе түрлерінің барлығын дерлік раушан (роза) деп атайды. Халық арасында итмұрынның «жабайы раушан» деген атауы кеңінен қолданылады. Итмұрынның гүлі ақ, қызғылт, сары түсті, диаметрі 4-6 см, хош иісті, жай күлтелі және гүлпарлы да түрлері бар. Мамыр, маусым айларында гүлдейді. Жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Жемісі сопақша келген жылтыр, түсі қызыл немесе қызғылт-сары болады. Итмұрынның ерекшелігі — бағалы дәрумендерге бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер [медицинада](#) негізінен [асқазан](#) және [бауыр](#) ауруларын емдеуге қолданылады, гүлдерін [шайдың](#) орнына пайдалануға болады, күлтелерден дайындалған эфир майы — [парфюмерия](#) өндірісінде пайдаланылады.





**Таңқурай** – раушангүлдер тұқымдасына жататын, жартылай бұталы көпжылдық өсімдік. Таңқурайдың бұталары алғашында шөптесін болып, кейіннен бұтаққа айналады. Жапырағы күрделі пішінді, жиегі аратісті, үстіңгі беті қою жасыл, ішкі жағы ақ түсті. Гүлдері ақ немесе ашық қызғылт болады. Гүлі 5 күлтелі, аздаған гүлшоқтар болып жеке-жеке өседі. Гүлдеуі маусымнан күзге дейін жалғасады. Сондықтан пісу мерзіміне қарай, өнімін жинау бірнеше айға созылады. Жидегі өте нәзік, күлгін- қызғылт түсті. Дәмі тәтті, аздаған қышқылдығы бар. Таңқурай ұсақ сүйекшелерден құралған бірнеше дәндердің бірігуінен тұрады. Жабайы түрінде бұл дәндер бір-бірінен оңай ажыратылып алынады. Ал, екпе түрлерінде сүйекшелері бірігіп кеткен тәрізді болып көрінеді. Жалпы пісу кезеңі шілде, тамыз айлары. Нәзік хош иісті. Табиғатта таңқурай аралас ормандарда, қылқанжапырақты ағаштар арасында жақсы өседі. Өзен аңғарларында, бұталардың арасында, көлеңкелі, ылғалды жерлерде кездеседі.



**Мия** (Glycyrrhiza) – [бұршак тұқымдасына](#) жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстанның шөл, шөлейтті, далалы аймақтарында өсетін 5 түрі бар. [Қызылорда облысының](#) барлық аймақтарында кездеседі. Биіктігі 10 – 80 см-дей, тамыры жуан. Сабағы тік өседі, жапырақтар қандауыр тәрізді, қарама-қарсы орналасады. Гүлдері көк, күлгін түсті, селдір шашақ гүлшоғырына топтасқан. Тұқымы арқылы немесе вегетативті жолмен көбейеді. Маусым – шілдеде гүлдеп, шілде – тамыз айларында жеміс салады. Жемісі – қабықты бұршак. Бұл өсімдік жылына бірнеше жүздеген ұрық салады. Тұқымы топырақта 2 – 3 жылға дейін тіршілігін жоймайды. [Қызылмия](#) және [миятамыр](#) деген түрлерінің тамырында гликозид, сахароза, эфир майы, органик. қышқылдар, минерал тұздары бар. Сондықтан оларды медицинада, темекі және тамақ өнеркәсібінде қолданады. Жапырағы, сабағы мал азығы ретінде пайдаланылады.





**Қалақай** (лат. *Urtica*) — [қалақайлар тұқымдасынан](#) бір туысы. Бір жылдық не көп жылдық, қос үйлі және сирек те болса бір үйлі шөптесін өсімдік. Сабағы мен жапырағы түкті. Жапырақтары қарама-қарсы орналасқан. Ұсақ гүлдері масақ тәрізді гүл шоғын құрайды. Қоныржай және тропик аймақта 40-тан астам, [Қазақстанда](#) 3 түрі бар. Көлеңкелі, ылғалды жерлерде, орманда, бақта, жол бойында өседі. Қазақстанның барлық түрінің құрамында ақуыз көп болады. Жемшөптік маңызды түрі — [қосүйлі қалақай](#) (*Urtica dioica*) сондай-ақ Қазақстанның барлық жерінде кездеседі. Биіктігі 1 м-дей. Сабағы тік, жапырақтары өркенге қарамауылықарсы орналасады. Өсімдікті түгелдей күйдіргіш безді түктер жапқан. Безді түктер денеге тисе түктің ұшы морт сынып, түбіндегі (ішіндегі) сұйықтық дереу денеге жайылып күйдіреді. Халық аузындағы «қалақай шақты» деген осы. Бұл туысқа жататын өсімдіктер бір үйлі, кейде екі үйлі болады. Гүлшоғырлары сырғагүл, жай және күрделі масақ тәрізді, жартылай шатыр болып жапырақ қолтығынан немесе сабақтың ұшынан дамиды. [Аталық](#) гүлінде біркелкі 4 тостағанша жапырақша, 4 аталық (жай гүлсерікті) бар. Аналық гүлінде 4 тостағанша жапырақшаның екеуі сыртқы, екеуі ішкі шеңберде орналасқан.



**Долана** – Қазақстанның таулы аймақтарында жиі кездеседі. [Раушан гүлділер](#) тұқымдасына жатады. Табиғатта мыңнан астам түрі болғанымен, оның 200-ге жуығы ғана кең таралған. Тікенекті бұталы өсімдік немесе шағын ағаш түрінде кездесетін долананың биіктігі шамамен 2-8 м болып келеді. Жапырақтарының ұзындығы 6 см, ені 4-5 см көлемінде. Барлық сұрыптары көктемде қалың гүл ашады. Гүлдері қызыл, ақ, қызғылт түсті болады. Мамыр айының соңында гүлдері шыға бастайды да, маусымның ортасына таман гүлдеп бітеді. Гүлдегеннен кейін кішігірім қызыл, сары, кейде қара түсті домалақ жеміс береді. Жас көшеті жеті жылдан кейін ғана жеміс салады. Долананың шаң мен газға төзімділігін және ауа тазартатын қасиетін ескере отырып, оны қала көшелеріне молынан егеді. Бірақ, қала көшелеріне егілген долананың жемісін жеуге болмайды. Бойы аса биік емес, әрі тікенекті болғандықтан долананы көбінесе жасыл қоршау жасауға қолданады. Жаз айларында қырқып-пішіндеуге болады. Өсуі жай болғанымен, долана төзімді ағаш болып саналады. Дәрілік мақсатта долананың жемісі мен гүлін пайдаланады. Доланадан жасалған дәрілер орталық жүйке жүйесін тыныштандырады, жүрек бұлшық еттеріне күш береді, жүрек пен мидағы қан айналымын жақсартады.